

Индер аудандық мәслихатының 2019 жылғы 8 қарашадағы № 329-VI "Индер ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету қағидасы мен мөлшерін бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Атырау облысы Индер аудандық мәслихатының 2023 жылғы 16 мамырдағы № 10-VIII шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 23 мамырда № 5024-06 болып тіркелді

Индер аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Индер аудандық мәслихатының 2019 жылғы 8 қарашадағы № 329-VI "Индер ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету қағидасы мен мөлшерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4530 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасының 5 тармағы жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"5. Әлеуметтік қолдау жылына бір рет бюджет қаражаты есебінен 15315 (он бес мың үш жүз он бес) теңге мөлшерінде көрсетіледі."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Индер аудандық
мәслихат төрағасы*

А. Рамазанов